

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Оңтүстіксушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы су шаруашылығы жөніндегі Оңтүстік Қазақстан республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміне Шардара су қоймасын құрылыстарымен қоса беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 939 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Оңтүстіксушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы су шаруашылығы жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміне қабылдау-беру актісі бойынша "Шардара су электр станциясы" акционерлік қоғамына уақытша басқаруға берілген Шардара су қоймасы заңнамада белгіленген тәртіппен құрылыстарымен қоса берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдасын.

3. "Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1344 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 49, 638-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:

"Мынадай су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, су тораптары, басқа да гидротехникалық құрылыстар)" деген 1-бөлім мынадай мазмұндағы 63) тармақшасымен толықтырылсын:

"63) Сырдария өзеніндегі Шардара су қоймасы".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*